

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» жеке балабақшасы

Өткізілген күні: 28.08.2025 жыл

Қатысқан педагогтардың саны: 10 педагог

Тақырыбы: «2025-2026 жаңа оқу жылындағы бөбекжайдағы қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау.

Күн тәртібі:

1. 2025 - 2026 оқу жылына арналған нормативті құжаттармен таныстыру, талқылау.
2. Педагогикалық кеңес құрамын сайлау.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
4. 2025 - 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
5. 2025 -2026 оқу жылына арналған міндеттер.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, күн тәртібі.
7. Топтағы балалар тізімдерің бекіту
8. Бақылау мен басшылық: топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгеруші Амирова Гульбану Хаблакатовна педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының меңгерушісі, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып, 2025-2026 оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысы болып Жаманова Н.А. сайлануын ұсынды.

Сөйледі:

Әдіскер өткен оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде қазақ тілі мұғалімі Жаманова Нурия Ажбайқызы сайлауды ұйғарды.

1-МӘСЕЛЕ

2025 - 2026 оқу жылына арналған нормативті құжаттармен таныстыру, талқылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша меңгеруші Амирова Гульбану Хаблакатовна 2025 - 2026 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбиелеу - білім беру процесінің қандай нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылатыны жөнінде айтып, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы; ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы; «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы; "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен жұмыс жасайтынын айтты. Қазақстан

Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, тәрбиешілердің жұмыс бағыттарын, жұмыс жоспарларының ерекшеліктері мен ескертулерін түсіндіріп өтті.

2-МӘСЕЛЕ

Педагогикалық кеңес құрамын бекіту.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығының 2 тармағына сәйкес 2025- 2026 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамы төмендегідей құрамда бекітуге ұсынды:

педагогикалық кеңестің төрағасы - балабақша меңгерушісі Амирова Г.Х.

Педагогикалық кеңес мүшелері: балабақшаның барлық педагогтары

Педагогикалық кеңес хатшысы болып тағайындауға Жаманова Н.А. ұсынылып, қалдырылды.

3-МӘСЕЛЕ

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп берді. Перспективалық жоспар мен циклограммалар толық жазылды. Балаларды қабылдау кезінде санитарлық режим сақталынды. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың өту барысы бөбекжайдың сайты мен әлеуметтік парақшаларында жарияланғандығын айтты.Тәрбиеленушілер түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындардан көріне білді.

4-МӘСЕЛЕ

2025 - 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. «2025-2026 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатым Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылған.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу;
- қауіпсіздікті қамтамсыз ету;
- МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауықкештер);
- ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын құру басты назарда болуы тиіс екендігі айтылды.

2025-2026 оқу жылының негізгі ерекшеліктері бөлімінде жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық

құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың төмендегідей бағыттарының өзектілігі айтылған:

- МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
- «Жасыл балабақша» желісін кеңейту – экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;
- әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

2-бөлімінде тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құқықтық актілері берілген.

3-бөлімі: Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру.

4-бөлімі: Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (*үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі*);
- 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі - перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы:

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 15 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 20 баладан артық емес.

5-бөлім. Балаларға қазақ тілін үйрету (мектепке дейінгі ұйымдарда басқа тілде оқытатын топтар үшін).

6-бөлімі: Экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру бөлімінде

7-бөлімінде мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер) бойынша мәлімет берілген.

8-бөлімі Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілетін жұмыс нысандары туралы айтылған.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттерде «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру.

Бүгінгі күні балалардың, оның ішінде балалары мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған ата-аналарын (заңды өкілдерін) педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмысты жандандыру қажеттігі туындап отыр.

Ол ата-аналарды (заңды өкілдерді) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға кеңінен тартуды қамтиды.

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы Балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған ата-аналарға денсаулық, тамақтану, тәрбиелеу, дағдыларды дамыту және балалармен өзара әрекет ету тәрізді маңызды мәселелер бойынша қолжетімді және түсінікті контент ұсынатын «Беске дейін үлгеру» мобильді қосымшасы Қазақстанда іске қосылғандығы туралы айтылған.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы МДҰ мен мектепалды сыныптарда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

9-бөлімі Ауылдық жерлерде «Құзіреттілік орталықтары» желісін жетілдіру және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда «Құзыреттілік орталықтары» санын ұлғайту.

10-бөлімі Әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанындағы мобильді топтардың қызметін жетілдіру.

11-бөлімі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету.

Мазмұны бойынша әрқайсысына толықтай тоқталып түсіндірілді.

5-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды: Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна 2025 - 2026 оқу жылына алынған міндеттермен таныстырды.

2025 – 2026 оқу жылына арналған білім беру мен тәрбиелеу процесінің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау;

- Мектепке дейінгі ұйымының инновациялық ортасында оқытудың замануи құралдарын пайдалану;
- Экологиялық сауаттылық пен табиғатты аялау дағдыларын қалыптастыру;
- «Адал Азамат» бағдарламасы арқылы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді дарыту.
- Педагог жұмысын оңайлату мақсатында ЖИ қолдану.

Міндеттері:

1. Цифрлық технологиялар: ЖИ интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, білім беру қосымшаларын қолдану.
2. Ұлттық құндылықтар: «Адал Азамат» бағдарламасы аясында салт-дәстүр, әдеп, мейірімділік, әділдік тақырыптарын тәрбиелік іс-шараларда енгізу.
3. ЖИ көмегімен іс-әрекет жоспарларын құру, ата-аналардың сұрақтарына автоматты жауап беру, күн тәртібі, тамақ мәзірі, демалыс күндері туралы ақпарат беру кезінде ЖИ қолдану.
4. Сапалы, қауіпсіз білім беру мен шығармашылық ортаға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, балалардың жасының және жеке ерекшеліктеріне сәйкес заттық-кеңістік дамытуші ортаны жаңғырту.

6-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды: Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Б.А. 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі құрылып, бекітілгені туралы айтты.

7-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды: Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна топтардағы балалар тізіммен таныстырды. 2025 -2026 оқу жылының балалар тізімі 1 қыркүйекпен алынды.

8-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды: Күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша әдіскер Едильбаева Б.А. жаңа оқу жылына дайындығын, топтар дайындығын тексеру туралы бақылау қорытындысымен таныстырды. Бақылау қорытындысы бойынша балаларды қабылдауға, қызығушылығын оятуға арналған дайындық шаралары, безендірулер толық жүргізілген. Топтағы бала саны жас ерекшеліктеріне сәйкес қамтылған, топ тәрбиешілері толық сайланған, бекітілген. Балабақша сыйымдылығына сәйкес 87 тәрбиеленушімен 10 педагогпен өз жұмысын бастағалы отыр. Мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу кестелері, күн тәртіптері, жылдық жоспарлары бекітілген. Барлық жағдайлар гигиеналық талапқа сай тазалық шаралары ұйымдастырылған. Бөбекжай жаңа оқу жылына толықтай дайын.

ШЕШІМІ:

1. 2025 - 2026 оқу жылына арналған нормативті құжаттармен педагогтар таныстырылды және бөбекжай жұмысында негізге алынсын. Нормативтік-құқықтық құжаттарын негізге ала отырып әр топтың және қосымша іс-әрекеттерінің перспективалық жоспарлары құрылсын. Циклограммалар әр аптаның бірінші күні келісілсін.
2. 2025-2026 оқу жылына педагогикалық кеңестің құрамы бекілсін.
Педагогикалық кеңестің құрамына кеңестің төрағасы: Амирова Г.Х.
Педагогикалық кеңес хатшысы. Едильбаева Б.А.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2025 - 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен бөбекжай педагогтары таныстырылды.
5. 2025 - 2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық міндеттері мен жылдық жоспары бекітілсін.
6. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін. Мамандардың жұмыс кестелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес бекітілсін
7. Топтағы балалар тізімдері бекітілсін.
8. Бақылау мен басшылық: топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жаңа оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығының 2 тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамы төмендегідей құрамда бекітуге ұсынылады:

Педагогикалық кеңестің төрағасы балабақша меңгерушісі Амирова Г.Х.

Педагогикалық кеңес мүшелері: барлық балабақша педагогтары.

Педагогикалық кеңес хатшысы Жаманова Н.А. ұсынылып, қалдырылды.

"Еркемай" жеке бөбекжайының директоры



Г.Амирова



ЕСЕП

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! Бүгін сіздердің назарларыңызға «Еркемай» балабақшасында өткізілген жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытынды есебін ұсынамын. Жазғы кезеңдегі жұмысымыздың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі тиімді ұйымдастыру болды. Балабақшада жаз мезгілінде кіші, ортаңғы және ересек топтар бойынша жұмыстар жүргізілді. Барлық іс-шаралар жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес жүйелі ұйымдастырылып, балалардың жас ерекшеліктері ескерілді.

Жазғы кезеңге дайындық жұмыстары: Жазғы маусым басталғанға дейін педагогтер мен қызметкерлер тарапынан үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Серуен алаңдары тазартылып, көгалдандырылды, гүлзарлар жаңартылды. Балалардың қауіпсіз ойнауына жағдай жасау мақсатында ойын алаңындағы құралдардың жарамдылығы тексерілді. Тәрбиешілер жазғы жұмыс жоспарын әзірлеп, әр аптаға тақырыптық бағыттар белгіледі. Әр топта шығармашылық бұрыштар, зерттеу алаңдары, табиғат бұрыштары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар жаз бойы балалардың қызығушылығын арттырып, әр күнді мазмұнды өткізуге мүмкіндік берді.

Денсаулық сақтау және шынықтыру жұмыстары: Жазғы сауықтыру кезеңінің басты бағыты – балалардың денсаулығын нығайту болды. Күн сайын таңертең балалар көтеріңкі көңіл-күймен таңғы жаттығулар орындады. Музыкалық сүйемелдеумен өткізілген жаттығулар балалардың қызығушылығын арттырып, қозғалыс белсенділігін күшейтті. Серуен барысында: жүгіру, секіру, тепе-теңдікті сақтау, доппен орындалатын жаттығулар, ұлттық қимылды ойындар ұйымдастырылды. Әсіресе «Ақсерек-көксерек», «Арқан тарту», «Орамал тастау», «Қуып жет» сияқты ұлттық ойындар балалардың ептілігін, ұйымшылдығын және достық қарым-қатынасын дамытуға ықпал етті. Шынықтыру шаралары барысында ауа ванналары, су шашу элементтері, жалаңаяқ жүру жолақтары қолданылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі артты, серуенге деген қызығушылығы жоғарылады, дене жаттығуларын орындау сапасы жақсарды, балалардың төзімділігі мен шыдамдылығы қалыптасты.

Танымдық және зерттеу жұмыстары: Жаз мезгілінде балалар табиғатпен етене жақын жұмыс жасады. «Табиғат – біздің досымыз» апталығы аясында балалар күн сайын табиғат құбылыстарын бақылап отырды. Олар гүлдердің өсуін, жәндіктердің тіршілігін, ауа райының өзгеруін бақылап, өз ойларын еркін жеткізе білді. Ересек топ тәрбиеленушілерімен: «Су неге буланады?», «Құмның қасиеті», «Жарық пен көлеңке», «Өсімдікке су не үшін қажет?» тақырыптарында тәжірибелер жүргізілді. Ортаңғы топ балаларымен қарапайым зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Балалар тәжірибе барысында сұрақ қоюға, бақылауға, қорытынды жасауға үйренді.

Нәтижесінде: балалардың зерттеушілік қабілеттері дамыды, қоршаған орта туралы білімдері кеңейді, танымдық белсенділігі артты, бақылау жасау және салыстыру дағдылары қалыптасты.

Шығармашылық жұмыстар: Жаз бойы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Балалар табиғи материалдардан түрлі бұйымдар жасап, сурет салды, мүсіндеді, жапсырмалар орындады. «Көңілді жаз бояулары», «Гүлдер әлемі», «Менің сүйікті ойыншығым», «Туған өлкем» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылды. Балалардың жұмыстары ата-аналар назарына ұсынылып, олардың шығармашылық жетістіктері мадақталды.

Нәтижесінде: балалардың қиялы мен эстетикалық талғамы дамыды, ұсақ қол моторикасы жетілді, өз жұмыстарын таныстыра білу дағдылары қалыптасты.

Спорттық және мерекелік іс-шаралар: Жазғы кезеңде өткізілген мерекелер мен жарыстар балалар үшін ерекше әсерлі болды. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты балалық шақ» мерекесінде балалар ән айтып, би билеп, қызықты ойындарға қатысты. «Көңілді старттар» спорттық жарысында топтар арасында эстафеталық ойындар өткізілді. Балалар

белсенділік танытып, жеңіске деген ұмтылыстарын көрсетті. «Денсаулық күні» аясында спорттық бекеттер ұйымдастырылып, барлық тәрбиеленушілер қатысты. Бұл іс-шаралар балалардың өзіне деген сенімділігін арттырып, салауатты өмір салтына қызығушылығын қалыптастырды.

Қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар: Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінді. Апта сайын: жол қозғалысы ережелері, күн өтуден сақтану, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі бойынша әңгімелер өткізілді. Рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар арқылы балалар төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстау жолдарын меңгерді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалар қауіпсіздік ережелерін жақсы меңгеріп, оларды күнделікті өмірде қолдана бастады.

Ата-аналармен жұмыс нәтижесі: Ата-аналар жазғы кезеңдегі жұмыстарға белсенді қатысып отырды. Ақпараттық бұрыштар арқылы кеңестер беріліп, қауіпсіздік бойынша жадынамалар таратылды. Фотоесептер мен бейнематериалдар арқылы ата-аналар балалардың жетістіктерімен танысты. Көптеген ата-аналар балаларының жаз мезгілінде белсенді, көңілді әрі қызығушылықпен балабақшаға келгенін атап өтті. Бұл ата-аналар мен балабақша арасындағы серіктестіктің нығайғанын көрсетті.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының ерекшеліктері:

Биылғы жазғы кезеңнің басты ерекшелігі: барлық іс-шаралардың таза ауада өткізілуі, ұлттық ойындардың кеңінен қолданылуы, зерттеу және тәжірибе жұмыстарының көбеюі, балалардың дербес әрекеттеріне мүмкіндік берілуі, ата-аналардың белсенді қатысуы болды.

Қорытынды: Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары толық көлемде орындалды және өз нәтижесін берді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: балалардың денсаулығын нығайтуға қолайлы жағдай жасалды, дене белсенділігі айтарлықтай артты, қауіпсіздік мәдениеті қалыптасты, танымдық қызығушылықтары дамыды, шығармашылық қабілеттері жетілді, ата-аналармен байланыс нығайды, тәрбиеленушілер жазғы кезеңді көтеріңкі көңіл-күймен және белсенділікпен өткізді.

Осыған байланысты «Еркемай» балабақшасындағы жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды деп есептеймін.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.

«2025-2026 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатым Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылған.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу;
- қауіпсіздікті қамтамсыз ету;
- МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауықкештер);
- ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын құру басты назарда болуы тиіс екендігі айтылады.

1. 2025-2026 оқу жылының негізгі ерекшеліктері бөлімінде жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың төмендегідей бағыттарының өзектілігі айтылған:

- МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамсыз ету;
- оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
- «Жасыл балабақша» желісін кеңейту – экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;
- әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

2-бөлімінде тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құқықтық актілері берілген.

3-бөлімі: Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру.

МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажеттілігі айтылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:

- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар берілген.

Топтық бөлмелерде төмендегідей қызығушылықты орталықтарын құруға болатындығы ұсынылған:

- ұлттық құндылықтар, сюжетті-рөлдік ойындар, театрландырылған ойындар, оңаша ойнауына орын, кітап бұрышы, құрастыру және робототехника, табиғат және ғылым, шығармашылық, мамандықтар және т.б..

4-бөлімі: Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (*үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі*);
- 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі - перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын, Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, Бақылау парақтары мен Жеке картаны толтыру тәртібін, мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін ескеру, мониторинг жүргізу әдістерін (бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру қажет екені айтылған.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы:

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 15 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда бала саны - 20 баладан артық емес.

5-бөлім. Балаларға қазақ тілін үйрету(мектепке дейінгі ұйымдарда басқа тілде оқытатын топтар үшін).

7-бөлімі: Экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру бөлімінде мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылатындығы және климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулуды ерте жастан бастау маңызды екендігі айтылған. Осыған орай мектепке дейінгі ұйымдарда «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру, оның ішінде: салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу; жарық пен су көздерін үнемдеу; табиғаттың ластануын болдырмау; балабақша бөлмелеріне, жылыжайларға гүлдер,

көкөністер мен жемістер отырғызу; өсімдіктерге күтім жасау; балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау ұсынылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларда **құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** Үлгілік бағдарламаның мазмұнында қарастырылған. Үлгілік бағдарламаның мазмұны тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіруге, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне баулуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Үлгілік бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларда **қаржылық сауаттылықты қалыптастыру** бойынша мынадай міндеттер көзделген:

«бір», «көп» ұғымдарын ажырату; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; реттік сан есімдерді атау; сандарды реті бойынша атау; «қанша?» «нешінші?», «барлығы қанша?», «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету, 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру; 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; балаға қоршаған ортадағы кез келген зат – ойыншықтар, киім, тамақ, компьютер – адамдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсіндіру.

8-бөлімінде мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер) бойынша мәлімет берілген.

МДҰ-да атап өту үшін ұсынылатын мерекелер:

- Қазақстан халқы тілдері күні (5 қыркүйек);
- Республика күні (25 қазан);
- Жаңа жыл;
- Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз);
- Наурыз мейрамы (21-23 наурыз);
- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр);
- Отан қорғаушы күні (7 мамыр);
- Халықаралық балаларды қорғау күні (1 маусым).

9-бөлімі Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілетін жұмыс нысандары туралы айтылған.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттерде «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру

Бүгінгі күні балалардың, оның ішінде балалары мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған ата-аналарын (заңды өкілдерін) педагогикалық сүйемелдеу бойынша жұмысты жандандыру қажеттігі туындап отыр.

Ол ата-аналарды (заңды өкілдерді) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға кеңінен тартуды қамтиды.

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы Балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған ата-аналарға денсаулық, тамақтану, тәрбиелеу, дағдыларды дамыту және балалармен өзара әрекет ету тәрізді маңызды мәселелер бойынша қолжетімді және түсінікті контент ұсынатын «Беске дейін үлгеру» мобильді қосымшасы Қазақстанда іске қосылғандығы туралы айтылған.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы

МДҰ мен мектепалды сыныптарда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

10-бөлімі Ауылдық жерлерде «Құзіреттілік орталықтары» желісін жетілдіру және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда «Құзыреттілік орталықтары» санын ұлғайту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату және тәрбиешілердің кәсіби әлеуетін арттыру үшін республиканың үздік мектепке дейінгі ұйымдарының базасында «Құзыреттілік орталықтары» құрылды.

«Құзыреттілік орталықтарын» анықтау үшін критерийлер:

- балабақшаның материалдық-техникалық жабдықталу деңгейі;
- қол жетімділігі мен қауіпсіздігі;
- педагогтердің білім мен кәсіби деңгейі (МДҰ педагогтерінің авторлық бағдарламаларының болуы);
- консультациялық пункттердің нәтижелі жұмысы;

- менеджмент.

11-бөлімі Әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанындағы мобильді топтардың қызметін жетілдіру. Мобильді топтар аудандық (қалалық) немесе облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің бұйрықтарымен құрылады. Оның құрамында аталған әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің маманы немесе әдіскері сондай-ақ білікті мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен педагогтері және мектепалды сынып педагогтері болатындығы айтылған.

12-бөлімі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдау Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі Институт) порталы www.ird.kz қамтамасыз етеді. Сайтта:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер (НҚА аядары);
- әдістемелік ұсынымдар, құралдар және басқалар (әдістемелік әзірлемелер аядары);
- Институттың жылдық жұмыс жоспары;
- Республикалық байқауларды өткізу туралы ережелер, сондай-ақ өткізілген іс-шаралардың қорытынды ақпараттары және басқалар орналастырылғандығы көрсетілген.

Әдіскер Едилбаева Б.А.

**2025 – 2026 оқу жылындағы балаларға арналған күн тәртібінің жасақталуы,
ҰІӨ кестесінің құрылуы жөнінде анықтама.**

«Еркемай» балабақшасында 2025-2026 оқу жылындағы балаларға арналған күн тәртібі мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті режимін физикалық, психологиялық және үйлесімді дамудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін топтардың түске дейінгі және түстен кейінгі күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, салауатты өмір салтының негізін қалыптастыру мақсатында күн тәртібі құрылды. 2025 – 2026 оқу жылындағы ҰІӨ кестесін құруда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылдың 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылдың 16 қаңтардағы №7 бұйрығы басшылыққа алынды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, барлық топтарда балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы ойын түрінде түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы кіріктіріліп ұйымдастырылады.

Әдіскер Едилбаева Б.А.

2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжай жұмысының оқу-тәрбие жоспары мен міндеттері туралы.

2025 -2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспары төмендегідей бөлімдерді қамтиды:

«Еркемай» балабақшасы 2025 – 2026 оқу жылына алынған міндеттермен таныстырды. Оқу –тәрбие жұмысының жылдық жоспары балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету және жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құрылды. Оқу жылына алынған міндеттер денсаулық және ойын бағытын қамтиды.

Мақсаты: Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау;

- Мектепке дейінгі ұйымының инновациялық ортасында оқытудың замануи құралдарын пайдалану;
- Экологиялық сауаттылық пен табиғатты аялау дағдыларын қалыптастыру;
- «Адал Азамат» бағдарламасы арқылы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді дарыту.
- Педагог жұмысын оңайлату мақсатында ЖИ қолдану.

Міндеттері:

5. Цифрлық технологиялар: ЖИ интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, білім беру қосымшаларын қолдану.
6. Ұлттық құндылықтар: «Адал Азамат» бағдарламасы аясында салт-дәстүр, әдеп, мейірімділік, әділдік тақырыптарын тәрбиелік іс-шараларда енгізу.
7. ЖИ көмегімен іс-әрекет жоспарларын құру, ата-аналардың сұрақтарына автоматты жауап беру, күн тәртібі, тамақ мәзірі, демалыс күндері туралы ақпарат беру кезінде ЖИ қолдану.
8. Сапалы, қауіпсіз білім беру мен шығармашылық ортаға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, балалардың жасының және жеке ерекшеліктеріне сәйкес заттық-кеңістік дамытуші ортаны жаңғырту.

Меңгеруші:

Амирова Г.Х.

2025 - 2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспардың, тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасының құрылуы.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 1- қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне» сәйкес бөбекжай педагогтары ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеп, апта сайын циклограмма құрастырады.

2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің **перспективалық жоспары** 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатында көрсеткендей Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен, тәрбиешілермен бірлесе отырып құрылды.

Дене шынықтыру нұсқаушысы бөбекжай штатында қарастырылмағандықтан дене шынықтыру ұйымдастырылғын іс-әрекетін тәрбиешілер өздері өткізіп, перспективалық жоспарды өздері құрастырады. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік оқу бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп және балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алынған. Әр топтың перспективалық жоспарын құруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптары көрсетілмей, тек міндеттері таңдап алынды.

Бағдарлама мазмұнын меңгеру кезеңі мектепке дейінгі ұйымдарда 1 - қыркүйектен 31-мамырға дейінгі аралықта жүргізілетіндігі ескеріліп, перспективалық жоспар 9 айға құрылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасының жазылуы.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы бөбекжайдың күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар сақталған. Олар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс- әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру.

Циклограммада ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауда педагогтер Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескеріп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы кіріктірілген әрекеттерді негізге алады.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда тақырыбы жазылмай ойын немесе әрекет түрлері, перспективалық жоспарда айқындалған міндеттері жазылады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, құндылықтарды қалыптастыру мақсатында циклограмманың балаларды қабылдау бөлімінде **күнделікті: «Күй күмбірі»**, балаларды қабылдау және үйге қайту бөлімдерінде *«Өнегелі -15 минут»*; таңғы ас, серуеннен оралу бөлімдерінде *«Үнемді тұтыну»*; балалардың дербес әрекеті, серуен бөлімі, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде *«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*;

апта сайын: *«Менің Қазақстаным»* – оқу аптасының басында бірінші тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау, циклограмманың басында *«Аптаның дәйексөздері»*, ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру бөлімінде, балалардың дербес әрекеттері, серуен бөлімдерінде *«Қауіпсіздік сабағы»* жазылады.

Қорытынды:

Тәрбиешілер, қазақ тілі пәні мұғалімі перспективалық жоспарды әр жас топ ерекшелігіне қарай бөлек құрастырып, бөлек жасақтайды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында циклограммада күнделікті және апта сайын жүргізілетін құндылықтар көрсетіліп жазылады.

Анықтама құрастырушы Едильбаева Б.А.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету»

бойынша нұсқаулық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету» бойынша нұсқаулық – Нұсқаулық «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде каралып, ұсынылған (2022 жылғы 25 қаңтардағы № 1 хаттама).

Нұсқаулықта мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық қауіпсіздігінің жағдайы ретінде мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасы қарастырылған және мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар әзірленген.

Нұсқаулықтың мақсаты - оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдениетті, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметте белсенділік танытатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар жасау, қол жетімді білім беру ортасын құру болып табылады.

Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық төмендегідей бөлімдерден тұрады:

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

Балабақшаның педагог қызметкерлері өз жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топтың үй-жайларының, ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жай-күйін, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс. Қауіпсіздік режимінің бұзылуы анықталған кезде дереу оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға, әкімшілікті хабардар етуге міндетті. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады.

Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі.

Педагог тәрбиеленушілердің денсаулығындағы барлық ауытқулар туралы ата-аналарды (занды өкілдерді) уақтылы хабардар етуге міндетті.

Тәрбиеші ата-аналарға балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды айтуы, яғни олардың сіріңкелерді, дәрі-дәрмектер мен өткір заттарды және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа заттарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргізуі тиіс.

Топқа сыртқы киіммен кіруге, бөгде адамдардың кіруіне тыйым салынады.

Тәрбиеші таңертең балаларды қабылдағаннан кейін сыртқы есіктерді жабуы керек.

Тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Егер кетуге қажеттілік туындаса, тәрбиеші көмекшісіне қайда және қай уақытта кететінін ескертіп, өз істерін біраз уақытқа тоқтатуды және балаларға қарауды сұрауы керек.

Тәрбиешінің жұмыс орнында болмауы мектепке дейінгі ұйымның басшысымен келісілуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

Аумақта орналасқан жабдықтарды (шағын нысандар, дене шынықтыру құралдары және т.б.) жылына екі рет (қажет болған жағдайда – жиі) жарамдылығын тексеріп, міндетті түрде актілер жасалады. Сонымен қатар, тәрбиешілер күн сайын топтардағы жиһаздар мен жабдықтардың жайын және серуендеу алаңдарын тексеріп отыруы тиіс: олар ұшты бұрыштарсыз, шегесіз, кедір-бұдырсыз, шығыңқы бұрандасыз болуы тиіс, топтардағы барлық жиһаздар мен учаскелердегі жабдықтар сенімді бекітілуі керек; сырғанайтын тәбешіктер, баспалдақтар орнықты болуы керек, бала жеңіл құлауы үшін берік тақтайша мен амортизациялық беттер, таяныштар балалардың жасына және санитарлық нормаларға сәйкес келуі керек.

Көктемгі-күзгі кезеңде жаңбырдан кейін жиналған суды серуенге шығар алдында тазарту; коқысты жинау; бұталарды сәнді кесу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қысқы кезеңде серуен басталар алдында барлық құрылыстардың шатырын қардан және сүңгілерден, балалар алаңдарын, жолдарды қардан және мұздан тазарту, құм себу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Топтық бөлмелерге қайнаған су әкелуге тыйым салынады. Дәліздер мен баспалдақтарда балалар болмаған кезде асханадан тағамдарды әкелу керек. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану қажет. Қайнаған суды ауыстыру кестесін сақтау. Ата-аналардан балабақшадағы балалардың тамақтану рационында қарастырылмаған өнімдерді (торттар, бәліштер және т.б.), әсіресе дайындау мерзімі көрсетілмеген тағамдарды қабылдауға тыйым салынады. Әр тамақтан кейін ауызды шаюды ұйымдастыру керек. Балаларды аузындағы тамақ, сағыз, кәмпіттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу, осы мақсатта әр баланың ауыз қуысын ұйқы алдында тексеру.

Тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің ас құралдарын дұрыс пайдалануын қадағалау қажет. Жарақаттануды болдырмау үшін асхана мен шай ыдыстарында жарықтар мен сынықтар болмауы керек. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікке және тағамдарға төзбеушілігі).

Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек (ас блогының жағдайына, жеткізілетін тамақ өнімдеріне, оларды тасымалдауға, сақтауға, дайындауға, тағамдарды таратуға және т.б. тиісті санитарлық талаптарды сақтау).

Білім беру процесін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Тәрбиешілер соқтығысуды, құлауды, дау-жанжалдарды болдырмайтын балалардың мазмұнды ойын әрекеттерін ұйымдастыруы керек. Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері тәрбиеленушілерді балабақшада, көшеде, тұрмыста қауіпсіз мінез-құлық негіздерімен таныстыруға міндетті. Тәрбиеші тәрбиеленушілермен дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс әрекет өткізген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етуге міндетті. Тәрбиеленушілермен ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық, дидактикалық, эстетикалық талаптарға сәйкес келетін берік, жарамды демонстрациялық және үлестірімелі материалдарды пайдалану қажет.

Бейнелеу әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Бейнелеу әрекетін өткізуді бастамас бұрын балаларға қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы естеріне салу:

- барлық балаларды назарда ұстау;
- қайшылардың ұштары үшкір болмауы керек;
- балаларды қайшымен қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету;
- ертеңгілік пісіріп салқындалатын крахмал желімін немесе ұнды қолдану;
- ПВА желімін пайдалануды алып тастау;
- жұмыс аяқталғаннан кейін өз жұмыс орнын ретке келтіру, ҰОҚ-де пайдаланылған материалдарды, жабдықтарды арнайы тағайындалған орындарға жинау қажет;
- қарындаштарды көлденеңнен орналастыру керек;
- балалардың қарындашты қалай ұстайтынына назар аудару;
- суды шыны ыдысқа құюға болмайды

Ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптары:

- балалардың ойыншықтарды, текшелерді бір-біріне лақтыруына, бір-бірін итеруіне жол бермеу, дау-жанжалдан аулақ болу, балалар арасында дау-жанжал туындаған жағдайда тәрбиеші араласуы тиіс;

- үйден топқа заттар әкелуге: шыны, тесетін немесе кесетін заттар сіріңкелерді, оттықтарды, дәрі-дәрмектерді және т.б. балаларға ойындарға пайдалануға рұқсат бермеу;

- үстел үсті ойындары, пайдаланғаннан кейін қораптарға салу және орнына қою. Ойын бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды өзіңмен бірге алуға болмайды;

Балабақшада еңбек әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбегін ұйымдастыру жағдайларына

талаптар

Балабақшаның топтары мен учаскелерінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуы керек:

- барлық шкафтар мен сөрелер сенімді бекітілуі керек. Жабдықтар, материалдар, керек-жарақтар құлау мүмкіндігін болдырмайтын олардың толық қауіпсіздігі мен орнықтылығын ескере отырып орнатылуы тиіс;

Балалардың еңбек әрекеті ұйымдастырылатын үй-жайлар таза, жарық, желдетілген болуы тиіс. Әр баланың жұмыс орнын жарықтандыру, әсіресе қол еңбегін ұйымдастыру кезінде, белгіленген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келуі керек.

Салмағы 2-2, 5 кг-нан асатын ауыр заттарды (мектеп жасына дейінгі ересек бала үшін) балалардың тасымалдауына тыйым салынады

2. Жабдықтар мен материалдарға қойылатын талаптар

Балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, өзге де жиһаздар мен жабдықтар көлемі бойынша балалардың өсу көрсеткішіне сәйкес келуі тиіс. Балаларға пайдалануға жарамды және жұмысқа қауіпсіз тұтқалары сенімді бекітілген ауыл шаруашылығы мүкәммалының құралдары мен заттары беріледі. Сонымен қатар қайшылар ұшы әткір емес, балға- соғатын бәлігіне бекітілген т. б. болуы керек. Балаларға ересектерге арналған жабдықтар мен құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

3. Балабақшадағы балалардың еңбек әрекетін басқару әдістемесіне қойылатын талаптар

Балаларды әртүрлі дағдылар мен жұмыс әдістеріне, құрал-саймандарды қолдануға үйрете отырып, педагог олардың нақты және сауатты көрсетілуін қамтамасыз етуі керек.

Құрал-саймандармен жұмыс істеу кезінде бір мезгілде жұмыс істейтін балалардың саны 4-5 адамнан аспауы тиіс. Тәрбиеші жұмыс барысында балалардың дене бітімінің сақталуына үнемі бақылау жасайды.

Тәрбиеші балаларды мұқият жұмыс істеуге, алаңдамай және құралдарды сілтемей жұмыс істеуге үйретеді.

Тәрбиеші барлық тесу және кесу құралдарын береді және балалардан қатаң түрде есептеп қабылдайды.

Тәрбиеші міндетті түрде балаларды еңбек әрекеті процесіндегі мінез-құлық ережелері таныстырады және олардың орындалуын жүйелі түрде бақылайды.

4. Еңбек әрекеті процесінде балалардың мінез-құлық ережелері

Тәрбиеші балалардың еңбек әрекеті үшін қажетті жағдайлар жасайды, оларға әртүрлі материалдар мен құралдармен жұмыс істеу дағдыларын үйретеді, балалардың еңбек процесінде мінез-құлық ережелерін меңгеруін және орындалуын қамтамасыз етеді.

Жуынатын және дәретхана бөлмесіндегі қауіпсіздік талаптары

Жуынатын бөлмеде және дәретханада бір уақытта 5-6 баладан аспауы тиіс.

Дәретханада гигиена ережелерін міндетті түрде орындау: қағазды қолдану, унитазды сумен шаю, қолды сабынмен жуу, сүлгімен тек жуылған қолды сүрту.

Жүгіруге, секіруге, су шашуға, жинау мүкәммалын ұстауға, ұсақ заттар мен ойыншықтарды унитазға тастауға және оларды сол жерден алуға болмайды; сүлгі кептіргішке және унитаздар арасындағы қабырғаларға мінуге, батарея торына және терезе алдына кәтерілуге; душты өз бетінше пайдалануға болмайды. Балалар үнемі тәрбиешінің бақылауында болуы керек.

Серуендеуді ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздікті талаптары:

- тәрбиешінің көмекшісі балалар серуенге барғанда және серуеннен келе жатқанда еріп жүруі тиіс, педагогтер барлық балаларды назарда ұстауы, балаларды бақылауы және қажет болған жағдайда көмекке келуі тиіс;

Экскурсия уақытындағы қауіпсіздік талаптары:

- экскурсия өткізу кезінде қауіпсіздікті сақтау мақсатында балалардың қозғалыс маршрутын алдын- ала қарау (аумақ қоқыстан, сынған шыныдан, қураған ағаштардан тазартылуы тиіс), ойын жабдықтарының, шағын сәулет нысандарының жарамдылығы;

Серуендеу, экскурсия, аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары:

- балаларды тізім бойынша тексеру;
- балалардың сыртқы киімдерін тазалау (ауа райы жағдайына байланысты);
- серуенге алып шыққан материалды, еңбек құралын ретке келтіру (құмнан, қардан тазарту);
- тәрбиешінің және тәрбиешінің көмекшісінің қадағалауымен балабақша үйжайына балалардың таласпай кіруін ұйымдастыру;

Спорттық снарядтар мен дене шынықтыру жабдықтарын пайдалану кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- спорттық снарядтардың жанында балалардың өздерін, қараусыз қалдыруға

болмайды;

- балаларда өзін-өзі сақтандыру сезімін дамыту қажет, снарядтардың бірінде сақтандыру кезінде ересек бүкіл топты назарда ұстап тұруы керек, биіктіктен немесе қатты жерге секіру кезінде еденге екі паралон тәсеніш жаю керек;

Апаттық жағдайлар кезінде мектепке дейінгі ұйымдардағы қауіпсіздік ережелері.

Төтенше жағдай туындаған кезде үрейленуге болмайды. Бұл апат, өрт, табиғи апат болуы мүмкін. Әрқайсысының бастапқы міндеті-өз тобының балаларын құтқару, содан кейін нәтижелері туралы мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісіне немесе әдіскерге хабарлау. Олардың барлық нұсқауларын нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты екенін түсінуі тиіс.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

Жедел бақылау қорытындысы
«Топтардың жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындығы туралы»

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! Жылдық жоспарға сәйкес 2025–2026 оқу жылының басталу қарсаңында «Еркемай» балабақшасының ортаңғы және ересек, мектепалды топтарының жаңа оқу жылына дайындығына жедел бақылау жүргізілді.

Бақылаудың мақсаты – топтардың білім беру қызметін ұйымдастыруға дайындығын, дамытушы ортаның жабдықталуын, құжаттардың жүргізілуін, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын және педагогтердің оқу жылына дайындығын анықтау болды. Бақылау барысында барлық топтар жан-жақты зерделеніп, топ бөлмелері, қабылдау бөлмелері, оқу-тәрбие үдерісіне қажетті құралдар мен құжаттар қарастырылды.

«Еркежан» ортаңғы топтың дайындығы

Ортаңғы топтарда жаңа оқу жылына қажетті жағдайлар жасалған. Топ бөлмесі санитарлық талаптарға сәйкес безендірілген. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойыншықтар мен дамытушы материалдар жүйеленіп орналастырылған. Дамытушы ортада: сюжеттік-рөлдік ойын бұрышы, кітап бұрышы, құрылыс материалдары бұрышы, сенсорлық даму ойындары, шығармашылық әрекетке арналған материалдар бар. Тәрбиеші оқу жылына арналған жоспарлау құжаттарын әзірлеген. Қауіпсіздік ережелері мен ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар жаңартылған.

«Ботақан» ересек топтың дайындығы

Ересек топтарда пәндік-дамытушы орта балалардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Топта: дидактикалық ойындар, математикалық түсініктерді дамыту материалдары, тіл дамыту құралдары, табиғат бұрышы, шығармашылық орталық талапқа сай ұйымдастырылған. Оқу қызметін ұйымдастыруға қажетті көрнекіліктер толықтырылған. Тәрбиеші құжаттамаларды талапқа сай рәсімдеген. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жиһаздардың орналасуы және ойын құралдарының жарамдылығы тексерілді.

«Қошақан» мектепалды топтың дайындығы

Топта мектепалды даярлыққа қажетті оқу құралдары мен дамытушы материалдар жеткілікті деңгейде қамтылған. Балалардың зерттеушілік және танымдық дағдыларын дамытуға арналған: тәжірибе жасау материалдары, логикалық ойындар, құрастырғыштар, көркем әдебиеттер қоры жасақталған. Ақпараттық стендтер жаңартылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес безендірілген. Тәрбиеші перспективалық жоспарлау жұмыстарын аяқтап, оқу қызметіне қажетті материалдарды дайындаған.

Құжаттамалардың жүргізілуі: Жедел бақылау барысында педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Атап айтқанда: жылдық жоспар, перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты құжаттар қаралды. Құжаттар негізінен талапқа сәйкес жүргізілген. Кейбір педагогтерге құжаттарды рәсімдеуде бірізділікті сақтау жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Дамытушы ортаның жағдайы: Барлық топтарда дамытушы орта жаңартылып, балалардың қызығушылықтарын ескеретіндей ұйымдастырылған. Топтарда: ойын орталықтары, кітап бұрыштары, шығармашылық аймақтар, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктер орналастырылған. Дегенмен кейбір топтарда дидактикалық ойын қорын толықтыру және ұлттық мазмұндағы материалдарды көбейту қажеттілігі анықталды.

Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы: Бақылау барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы және қауіпсіздік талаптарының орындалуы қаралды. Нәтижесінде барлық топтарда санитарлық талаптардың сақталғаны анықталды. Жиһаздар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылған.

Қорытынды: Жүргізілген жедел бақылау нәтижесінде «Еркемай» балабақшасының ортаңғы, ересек және мектепалды топтарының жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Педагогтер оқу жылын ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарап, қажетті дайындық жұмыстарын жүргізген.

Ұсыныстар:

- Топтардағы дидактикалық ойындар қорын толықтыру.
- Ұлттық құндылықтарға бағытталған көрнекіліктер санын көбейту.
- Дамытушы ортаны балалардың қызығушылықтарына сәйкес жүйелі түрде жаңартып отыру.

- Құжаттамаларды жүргізуде бірізділік пен талаптардың сақталуын бақылау.
- Жаңа оқу жылында инновациялық технологияларды қолдану жұмыстарын жалғастыру.

Шешім: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп танылып, анықталған ұсынымдарды орындау педагогтерге жүктелсін.

Әдіскер Едильбаева Б.А.